



Жаңа жылдық лебіздер

Үшә  
білген  
қанатқа  
дүние  
кен

Кенжеғали САҒАДИЕВ,  
академик, Қазақ  
мемлекеттік аграрлық  
университетінің  
ректоры



Жаңа жылды қарсы алу қамындамыз. XX-шы ғасыр бітіп, XXI-ші ғасырға, адамзат тарихының екі мыңыншы жылы бітіп, үшінші мыңжылдыққа аяқ басқалы тұрмыз. Сөйтіп, біздің замандастарымыз осындай тарихи оқиғалардың куәсі болғалы отыр. Осымен қатар біздер үшін басымыздан кешіріп отырған ең маңызды да терең мағыналы оқиға — еліміздің егемен болуы, біздің дүние жүзінің өркениетіне бет алған жаңа қадамымыз. Жаңаша даму жолына түскенімізге де он жылға жақындап қалған екен. Бостандық шұғыласымен қатар қаншама қиындықты басымыздан өткіздік. Бірақ елдің рухы түскен жоқ, соның арқасында сан алуан реформалар да өзінің жемісін бере бастады. Қайта құру, қоғамымызды жаңғырту майданының алғы шебінде осы жылдары басқалармен қатар біздер, ұстаздар қауымы болдық. Біздің мақсатымыз жаңа заман талабына сәйкес жастар тәрбиелеу, оларға білім беру болды. Біздің мақсатымыз сауатты, көзі ашық азаматтар ретінде халыққа болып жатқан жаңалықтарды түсіндіру, олардың ой-санасын өркениеттің жаңа дағды жолдарына бейімдеуге көмектесу болды. Біздің мақсатымыз рухы биік, білімді де білікті мамандар дайындау.

Міне, осындай нар жүгін, қоғамдық міндетін Қазақстан мектебінің ұстаздары ойдағыдай көтеріп, атқарып келе жатыр. Кешегі «оптимизация» ұранымен оқусыз қалған балалар мектепке қайта келуде. Білім беруден қатар ұлт санасын шынайы жаңа оқулықтар шыға бастады. Президентіміз Н. А. Назарбаевтың тікелей қамқорлығымен еліміздің барлық орта мектептері жаңа технологиялық (компьютерлік) оқу жүйесіне көшуді аяқтауда. Мен жоғарғы мектептің өкілімін. Осы жылдары Қазақстанның жоғарғы оқу орындарында болып жатқан жаңалықтар мен жетістіктерді жақсы білемін. Олар сан алуан және ауыз толтырып айтарлықтай. Егемен елімізге, дербес экономикамызға керекті мамандықтарды анықтай білдік және тез арада жаңа мамандар дайындауға келістік. Жоғарғы оқу орындарына әділетті және баянды білімі бар жастар қабылдау жүйесі қалыптасты. Дүниежүзілік білім кеңістігімен де тығыз араласа бастадық. Қазір көптеген біздің университеттер өздерінің шетелдік әріптестерімен ортақ жобаларды іске асыруда. Тек қана оғыздық Қазақ мемлекеттік аграрлық университеті АҚШ, Германия, Голландия, Ұлыбритания, Израиль мемлекеттерінің университеттерімен қосылып, екі халықаралық магистрлік жобаны орындауда. Біздің елімізде ұстаздардың басқа елдерде болмаған алғашқы съезі болып өтті, қазір екіншісіне дайындалудамыз. Елбасы мен Үкіметіміз ұстаздар қауымына көмектесіп жатыр және де қамқорлықтың бұлдан әрі де көбейе түсуі керек екенін айтып отыр. Көптеген жаңалықтың басында біздің Білім және ғылым министрлігі бар. Осының бәрі бастаған істеріміздің сәттілігіне арналған шаралар.

Ал енді ісіміздің сәтті болуына барша халқымыз тілектес. Өйткені экономиканың дамуы, соның арқасында тұрмыстың жақсаруы тікелей мамандарға, олардың білімі мен біліктілігіне байланысты. Біз өндірісіміз, ауыл шаруашылығымыз жаңа технология деңгейіне көшуді ансаймыз. Технологияны басқа жерлерден әкелуге болар, бірақ оларды тиімді пайдалана алатын жұмысшылар мен мамандар болмаса, одан ештеңе шықпайды. Нарық экономикасын уағыздауға болар, бірақ халықтың оған бейімділігі қалыптаспаса тек қана ұран болып қалуы мүмкін. Соңғы 30-35 жылдың ішінде шет елдерде шаруашылық басқару жүйесі бес рет күрделі өзгеріске ұшырады. Күрделілігі сондай, оның әрқайсысын жеке бір төңкеріс деп айтуға болады. Ал енді нәтижесіне келетін болсақ, әрбір төңкерістен кейін алдыңғы қатардағы елдерде өндіріс күш барынша өсіп, ғылым мен техника жаңалығы молынан пайдаланыла бастады. Міне, осындай дүниежүзілік тәжірибені жете игерген бізге де көптеген мамандар керек, әсіресе шаруашылық басқару жүйесіне. Осындай үлкен талаптардың негізінде терең білім, біліктілік жатыр. Оны іске асыру ұстаздардың қолында. Сондықтан да біздің міндетіміз үлкен. Біз зиялы қауымбыз, халқымыздың жігері мен келешегіне біз жауапкер азаматтармыз. Сондықтан да жаңа жыл, жаңа ғасыр қарсаңында сіздерге, менің әріптестерім, сәулетті, дәулетті күндерін мол болып, барлық істеп жатқан іс-қимылдарыңыз халықтың игілігіне арналсын дегім келеді. Біздер, ұстаздар, жасампаз қауымбыз. Жаңа жыл творчестволық табыс әкелсін. Біз тәрбиелеген жас ұрпақтар еліміздің көркі бола білсін. Жаңа жыл баршамызға құтты болып, бақыт әкелсін!

Жаңа ғасыр табалдырығында ісі қазақтың атасы, белгілі демограф, Орталық Азия университетінің ректоры, Тәуелсіз зерттеулер Орталығының жетекшісі, Қазақстан Республикасы Әлеуметтану және саясаттану ғылым академияларының академигі, политология ғылымдарының докторы Мақаш Тәтімов мырза асқаралы алыс жасқа толған еді. Аталмыш мерейтой иесінің қуанышына тағы бір қуаныш келіп қосылған. Елбасы Жарлығымен тәуелсіз еліміздің гүлденуі жолындағы жемісті еңбегі үшін Мақаш Байғалиұлы «Құрмет» орденімен марапатталды. Біздің де жүздесуіміз осы бір оқиғалармен тұспа-тұс келгенді.

— Қазақ халқында 7 саны қасиетті саналса, ал мұсылман жұртында 13 саны — қасиетті. Барша қазақ 7 000000 дөңгелек санға 1945-74 жылдары небір дүркін апаттардан кейінгі жедел өсу нәтижесінде 3 млн-дық көрсеткіштен отыз жыл ішінде ғана меркелік санын толтырды. 10 миллиондық деңгейге егемендік алар жылдары 1990 жылдың ортасында жеттік деп, зор қуанышпен хабарладық.

Халықаралық ресми статистика бойынша 2000 жылдың басында 12 млн-нан асып жығылсақ, ал ғылыми қорытындыларға сәйкес 2001 жылғы қаңтардың 1-жұлдызында өлем бойынша бар қазақтың жиынтық саны 13 млн-ды құрамақшы. Осынау межелі нәтиже — менің ұлы жыл алдындағы туған халқыма деген ең қымбат шашуым болмақ. Осы жерде бір айта кетер жайт: (мұны шатастырмау абзал) «Алаш» деген қазақтың кен ұғымы. Олардың ішінде тегі алаш, ресми жазылуы «шала» аралас некеден туған «шатырлар» (метистер), «шала» казак (маргиналар), яғни шыққан тегі казак болғанымен, өзге саны басым ұлттық ортада — орыстанып, өзбектеніп, қытайланып кеткен бүгінгі алаштың ұрпақтары бар. Демек, ұлтаралық өтпелі жағдайда жүрген маргиналардың ұзын саны 1 млн-ға жақын. Бұлар 600 мыңның төңірегіндегі шалғай елдерде қоныс тепкен диаспоралар мен көрші елдердегі (Ресейде, Қытайда, Өзбекстанда) саны қалың (3,2-3,4 млн) іргелі ирреденттеріміз. Цифрларға жүгінер болсақ, ғасыр тоғысында Қазақстанның ішінде қазақтар 8,2 миллион, қоныс ирреденттеріміз — 3,3 млн, жырақ елдердегі алыс диаспораларымыз — 0,6 млн, өзмізбен тектес аралық маргиналардымыз — 1 млн, сөйтіп барлық Алашмыздың саны 13 млн-ға жетті.

Қаһанда алғашқының аты — алғашқы. Тәуелсіздік алғалы тұңғыш рет өткізіліп отырған санақтың жетістік

жағымен бірге кемшілігінің де болғаны белгілі. Жетістігі — барша қазақтың санын білсек, олқы жағы — 265 мыңдай адамның қамтылмай қалуы. Еліміз бойынша қазақтардың саны 8,250 мың адам деп есептелсе, ал 1999 жылғы санақта тіркелген көрсеткіш 7 млн 985 мың адам. Сонда 3,5% адам санақтан тыс қалған. Нарықтың қос өкпеден қысқан кезінде өткен санақ 265 мың кісінің санаққа қатыспауына себепші болды.

136-мыңға төмендеп кетті. Сондықтан мұның алдын алудың жолдары қарастырылған еді. Сол себепті 2000 жылдың басында жаңа туған 2000 сәбиге 100 мың теңгелен тұратын 1 реттік ақшалай көмек көрсетілді. Бұл ретте Қазкоммерцбанктің 200 млн теңгені жұмсағаны тілге тиек. Әрине, болашағымыз жолында жұмсалған қаржының манызы жайлы өңгіме бөлек. Осынау акция Қазақстанда бала тууды арттыруға болатынын дәлелдеп берді. Мұн-

Дәуір  
көкжиегі —  
сапалық деңгейде



Өзіміз өз болғалы өткен санақта байқалған нәрсе: жергілікті тұрғындардың ауылдан қалаға көшуінің жылдамдықпен жүруі. Урбанизацияның орта деңгейге (қалада 50%) көтерілуі — халық өміріндегі ірі оқиғалар қатарына жатады. Қазақтардың ауылдан қалаға ағылуы соңғы 10 жылда 60% урбанизациялық дүмпуге жетті. Жергілікті ұлттың өсімі Астана, Ақтау, Жанаөзен, Қостанай, Байқоңыр, Талдықорған қалаларында (1,5 есе) көрсеткішке арқаны байқалды, — дейді М. Байғалиұлы. Халықтың өсімі негізінен алғанда туу мен өлімнің ара қатынасына тікелей байланысты. Осы тұрғыдан келгенде қазақ отбасында туу 1988 — 1999 жылдар аралығында 209 мыңнан

дай тәсілмен бала тууды 180 мыңға көтеруге болады екен. Жалпы коэффициент 2010 жылға қарай 20 промилле өсуге тиіс.

Қайсыбір ғылымды алсан да оның бағасы болашаққа болжау жасау шеберлігінде. Демография ғылымы да қысқа мерзімді, орта мерзімді, ұзақ мерзімді уақытқа болжау жасай алады. Жаңа ғасырдағы қазақ халқының өсімі былай өрнектелмек:

Болашақта республикада жергілікті тұрғындардың үлес салмағы 70-75% көрсеткішке жетпек. Бұдан шығар қорытынды: Қазақстанды жас унитарлы мемлекет ретінде сақтап қалу мүмкіндігі туады. Осы уақытта XX ғасырдың басында Орталық Азия халықтарының 5-тен 2-сін құрап келген қазақтар XXI ғасырда өзінің туыс көршілерінің 5-тен 1 бөлігіне сәйкес келеді екен. Қазақ халқы ғаламат ғасырды ғажайып жетістікпен қарсы алғалы отыр. 13 миллиондық тұрғырға көтерілген дара халық үшіншімыңжылдықта тек сан жағынан ғана өсіп қоймай, сапалық деңгейге биіктері хак. Бұған шек келтпруге болмас. Сонымен жаңа дәуір елімізді, ондағы байырғы тұрғындарды шыққан биігімен құттықтап, олардың бойынан өрелілік, саналылық, даналық, іскерлік, адамгершілік ізгі қасиеттерді күтеді.

М. ҚҰЛИАНИ.

Жаңа  
ғасыр

Жақсылыққа  
толы  
болсын!



Түртөре  
ЖҮСІП,  
«Жас Алаш»  
газетінің  
Бас  
редакторы

тәрбиелейтін ұстаздардың ұстазы болып, үркерлей жарқырай берсін. Мұғалім — ең қасиетті мамандық. Мамандығымен мақтанған жаны таза, ұлтжандылықтың рухы бойын кернеген ұстаздар шәкірттеріне Ел азаматы, Ел иесі екенін сезіндіре білсін. Бұл жолда бәрімізге бір Алла жар болсын, ағайын!

Ізгі ниетпен,